

Оқушылардың республикалық олимпиадасы

II тур
10-сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барыныша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
	Қазақ әдебиеті	<p>...Елі үшін құрбандыққа жанын берген, Бит, бүрге, қандалаға қанын берген. Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде, Зарығып алаш үшін бейнет көрген.</p> <p>Үзінді кімнің өлеңінен келтірілген? Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз.</p> <p>Жауабы: Бұл үзінді С. Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасынан алынған. Сұлтанмахмұт шығармаларының негізгі тақырыбы-өз заманындағы өмір шындығы, қазақ халқының сол аумалы-төкпелі кезеңдегі тұрмысы, жағдайы. Осыған байланысты ақынды ХХ ғасырдың реалист-ақындарының қатарына жатқызуға болады. Ақынның халқы үшін, мен үшін көркемдік құндылығы жоғары шығармасы - «Таныстыру» поэмасы. Поэманың стилі-арнау. Ақын өзі сияқты қараңғы қапаста жатқан халықтың елдігін, еркіндігін аңсайтын қазақ даласының Абай, Шәкәрім сынды ұлы даналарын, Алаш зиялаларын таныстыру мақсатында «Таныстыру» поэмасын жарыққа шығарды. Поэманың бір ерекшелігі - ол оқыған адам мен қара қазақтың диалогіне құрылған. Қара қазақ аумалы-төкпелі кезеңде кімге сүйеніп, кімге сенеміз? – деген сұрақ қояды да, оқыған оған жауап береді.</p>
	Қазақ әдебиеті	<p>Ойламай, белді бекем будым неге? Қозымды қас дұшпандай қудым неге? Майысып, Ноян қалқам, ерке марқам, Қасқайып қарсы алдымда тұрдың неге? (Мағжан «Батыр Баян»)</p> <p>1. Өлеңде арнаудың қай түрі қолданылған, ережесін айтыңыз: А) зарлай В) сұрай</p>

		<p>С) риторикалық D) жарлай E) символ</p> <p>2. Өлеңде қолданылған ұйқастың түрі және жасалу жолын айтыңыз.</p> <p>A) қара өлең B) шалыс C) шұбыртпалы D) аралас E) ерікті</p> <p>Жауабы: 1B, 2A</p> <p>Сұрай арнау — көпшілікке, не жеке адамға арналып айтылады және жауап күтіледі. Сұрай арнауда кейде жауап беріледі, кейде жауап меңзеу арқылы сезіліп, білініп тұрады.</p> <p>Қара өлең ұйқас – ААБА</p> <p>Қара өлең ұйқасы. Бұл бұрыннан келе жатқан ұйқастың бір түрі. Қазақ халқының фольклорындағы тақпақ, бір ауыз өлеңдерінің көбі осы ұйқаспен құрылған. Бұл ұйқасты күні бүгінге дейін көп жайылған ұйқас деп айтуға болады. Қара өлең ұйқасының өзінше ерекшелігі 1-2-4-жолдары ұйқасады да, 3-жолы ылғи ұйқассыз, бос қалып отырады.</p>
3	Қазақ тілі	<p>Сөйлемге толық синтаксистік талдау жасаңыз.</p> <p>Балалар ауылға беттерін бұрғанша, ойға таман түсіп келе жатқан қалың көш көрінді.</p> <p>Жауабы: <i>Толық синтаксистік талдауда, біріншіден, айтылу сазы мен мақсатына қарай және құрылымына қарай сөйлем түрлері анықталады; екінші, сөйлем мүшелеріне талданады; үшінші, сөз тіркестеріне талдау жасалады.</i></p> <p>Балалар (бастауыш) ауылға (пысықтауыш) беттерін бұрғанша (баяндауыш), ойға таман түсіп келе жатқан қалың (анықтауыш) көш (бастауыш) көрінді (баяндауыш).</p> <p>Хабарлы сөйлем; Құрмалас: мезгіл бағыныңқылы сабақтас. Сөз тіркестері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Балалар беттерін бұрғанша – жалғау арқылы, қиыса байланысқан, предикативті қатынастағы етістікті сөз тіркесі. 2) Ауылға беттерін бұрғанша – жалғау арқылы (барыс септігі) меңгеріле байланысқан, пысықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесі. 3) Көш көрінді – жалғау арқылы (жіктік жалғау) қиыса байланысқан, предикативті қатынастағы етістікті сөз тіркесі. 4) Ойға таман түсіп келе жатқан қалың көш – орын тәртібі арқылы қабыса байланысқан, анықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркесі.

4	Қазақ тілі	<p>Мәтіндегі қарамен берілген сөздерге морфологиялық талдау жасаңыз.</p> <p>Жауабы: Қолында: қол – түбір (зат есім), -ы – тәуелдік жалғауының үшінші жағы, -нда жатыс септігінің жалғауы; Жатпас: жат – түбір, -па болымсыз етістігінің жұрнағы, -с – есімше (болжалды келер шақ); Атқаратынын: атқар (етістік) – түбір, -атын есімше жұрнағы, -ы тәуелдік жалғауының үшінші жағы, -н – табыс септігінің жалғауы; Таттануға: тат – түбір (зат есім), -тан – етістік тудырушы жұрнақ, -у – тұйық етістік жұрнағы, -ға – барыс септігінің жалғауы; Бұзылмауына: бұз – түбірі (етістік), -ыл – ырықсыз етіс жұрнағы, -ма – болымсыз етістік жұрнағы, -у – тұйық етістік жұрнағы, -ы – тәуелдік жалғаудың үшінші жағы, -на – барыс септігі жалғауы. Көрсетсе: көр – түбірі (етістік), -сет – өзгелік етіс жұрнағы, -се – шартты рай жұрнағы; Нәрестесін: нәресте – түбірі (зат есім), -сі – үшінші жақтәуелдік жалғау, -н – табыс септігі жалғауы. Шомылдырар: шомыл – түбірі (етістік), -дыр – өзгелік етіс жұрнағы, -ар – есімше жұрнағы. Ескертіп: ескер – түбірі (етістік), -т – өзгелік етіс жұрнағы, -іп – көсемшенің жұрнағы. Соған: сол – түбірі (есімдік), -ған – барыс септігі жалғауы;</p>
5	Тіл мәдениеті	<p>Мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.</p> <p>Ертеде халқымыз ас адал болуы үшін әйелдің қолында міндетті түрде сақина я жүзік болуы керек деп санаған. Қазақ арасындағы «Сақинаны сәнге салмайды, ол – тазалыққа таразы», «Сақина сәнге жатпас, айқай әнге жатпас» дегендей тіркесті ұғымдар сақинаның тек сәндік қана емес, гигиеналық қызмет те атқаратынын дәлелдейді.</p> <p>Мұның өзі халықтың сақина соғылатын күміс не алтынның таттануға ұшырамайтынын, судың, тамақтың тез бұзылмауына септігін тигізіп, денсаулыққа жағымды әсер ететінін ертеден-ақ аңғарғанын көрсетсе керек. Күні бүгінге дейін ауылдық жерлерде жас келіншек нәрестесін шомылдырар алдында оған сол үйдің үлкендері (енесі не абысыны) «Қолыңа сақина салып ал, тазалыққа тән болады» деп ескертіп отырады. Олай болса, нәрестені қырқынан шығарғанда оны шомылдыратын суға алтын не күміс сақина немесе білезік салу дәстүрі оларды соған қатыстырып отырған әйелдерге сыйлық ретінде үлестіру үшін ғана емес, осында асыл бұйымдарды қасиетті санаудан, тазалыққа мән беруден де шыққан.</p> <p>Медициналық тұрғыдағы сақина салудың пайдалары жетерлік. Мәселен, саусаққа тағылған сақина – бүйрек, бауыр, өт, жүрек, жүйкеге тікелей байланысты жүйке нүктелерін дөп басып, бүкіл қан-тамыр жүйелеріне оң әсер етеді екен.</p>

		<p>I. Қазақ тілінде қандай стильдер бар? Берілген мәтін қай стильге жатады?</p> <p>Жауабы: Бес стиль: көркем әдебиет, публицистикалық, ресми іс-қағаздар, ғылыми, ауызекі сөйлеу. Бұл мәтін публицистикалық стильде жазылған.</p> <p>II. Сақина жүзік салудың бар пайдасын 3-4 сөйлемге сыйдырып жазыңыз.</p> <p>Оқушы өз жадынан жазады.</p>
--	--	---